

ӘОЖ 81"276.2

ҒТАХР 16.21.61

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.012>

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК СТРАТИФИКАЦИЯСЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСТАР ТІЛІ (СЛЕНГ)

\*Қарагулова Б.С.<sup>1</sup>, Абдирова Ш.Г.<sup>2</sup>, Бекниязова Д.Д.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2,3</sup> Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры жастар тіліне қатысты сөздермен, атап айтар болсақ, жаргон, арго, сленг бірліктерімен қарқынды түрде толығуда. Бұл, әрине, тіліміздің әлеуметтік-тарихи дамуы кезеңдерімен тығыз байланысты. Тілдің дамуы қандай да бір тарихи кезеңдерден өтсе, ол, алдымен, сол тілдің өзінен көрініс табады және кезеңдерге байланысты өзгеріп отырады, бір мағынадағы сөз әр кезеңде әртүрлі формада қолданылады. Осы мәселелермен байланысты мақаланың мақсаты - қазіргі әдеби тіл нормаларына сәйкес келмейтін, белгілі әлеуметтік топтар тілінде ғана қолданысқа ие тілдік қабаттары туралы баяндау. Мақаланың ғылыми маңыздылығы - тілде жаргон, арго, сленгтің пайда болуын, оған әсер ететін факторларды жан-жақты талдау, тілге әсерін анықтау. Ғылыми мақаланы жазу барысында төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданылды: сипаттау, салыстыру, салғастыру, лексикографиялық, этимологиялық, эмпирикалық, диагностикалық, статистикалық. Мақаланың өзектілігі - жастар тіліндегі осы бағыттағы лексикалық бірліктерді сауалнама алу арқылы анықтап, олардың қолданылу, пайда болу жолдарын, себептерін, мағыналық ерекшеліктерін зерттеп, белгілі бір тұжырымдар жасауға талпыныс жасау, қазақ тілінің қолданбалылық сипатта зерттелуі. Мақаланың құндылығын төмендегідей тұжырымдармен байланыстыруға болады: 1) тілдік қабаттардың бір-бірінен айырмашылығының ажыратылуы; 2) жастар тіліндегі сленгтердің анықталуы; 3) олардың қалыптасуына ықпал етуші факторлардың саралануы; 4) олардың тілдің дамуына ықпалының талдануы.

Мақаланың практикалық маңызы лингвистикалық бағытта білім алушыларға Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Неология пәндері бойынша теориялық және практикалық материалдар ретінде, сонымен бірге аталған бағытта ізденуші магистранттар мен докторанттарға және ғылыммен айналысатын жастарға ғылыми жұмысына қосымша ғылыми ақпарат ретінде беретін көмегі зор.

**Тірек сөздер:** тілдік қабаттар, жаргон, арго, сленг, экстралингвистикалық факторлар, ауызекі сөйлеу тілі, әлеуметтік топ, тұрмыстық-қарапайым лексика

### **Кіріспе**

Сленг – тіл дамуының қай кезеңінде де өзекті мәселе. Тілші ғалымдар тіл тазалығын сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөліп отыр. Тілдің дамуындағы кез келген жаңалық, бір жағынан, жаңа ұғымдардың пайда болуына негіз болып, тілдің дамуына әсерін тигізсе, екінші жағынан, әлеуметтік топ орталарына қатысты қолданыстардың (жаргон, арго, сленг) пайда болуына себепші болып, әдеби тілдің дамуына кері ықпалын тигізуде. Аталған мәселе қазіргі Отандық ғалымдар арасында көтеріліп, қарастырылғанымен, бұл мәселеге қатысты шешілмеген түйіндер әлі де жеткілікті. Мысалы, жаргон, арго, сленг қолданыстарының арасындағы айырмашылықтар, сол сияқты аталған тіл қабаттары үнемі өзгермелі құбылыс болғандықтан, әрдайым жаңа бағытта зерттеуді қажет етіп отыратын тілдік мәселе. Сондықтан да қазақ тіл білімінде жастар тілі өзекті, зерттеуді қажет ететін мәселелердің қатарында. Себебі бұндай тілдік қабатқа жататын тілдік бірліктердің жастар арасында жаппай қолданысқа ие болуы, әдеби тіл нормаларына қайшы, оның қолданысына және оның дамуына кері әсер ететін тілдік құбылыс болып табылады. Сондықтан да жастар тілінің тазалығына қатысты, сленгтердің тілдік қолданысқа жаппай еніп, қолданысқа түсіп кетпеуіне қатысты шаралар мен зерттеулердің маңызы зор.

Қазіргі жаһандану кезеңінде тілдік жүйедегі әлеуметтік диалект, стилистика және тіл мәдениеті мәселелері ерекше көңіл аудартатын мәселелердің бірі. Бұл мәселе қоғамдық және тіларалық байланыстар проблемасымен тікелей байланысты туындап отыр. Сондықтан қазақ тілін зерттеуші ғалымдардың алдында бірнеше өзекті мәселелер туындап отыр: 1. Тілдік заңдылықтардың дамуына қайшы келетін жаңа құбылыстарды айқындау; 2. Аталған құбылыстарға баға беру, яғни оларды тілдің дамуындағы ерекше құбылыс деп есептеуге бола ма немесе басқаша топтастыру керек пе?

Ғылыми зерттеулерде әлеуметтік-қоғамдық жаңалықтарға қатысты тілдің даму үдерісі қарқынды дами бастады, ал бұл тілдегі тұрақты лексикалық бірліктердің қолданысына әсерін тигізе бастады. Тілде әртүрлі әлеуметтік ортаға қатысты арнайы сөздер, яғни жаргон, арго, сленгтер пайда болып, жаппай қолданысқа ене бастады. Ал бұл жаңа қолданыстар тілдік қорды жаңартқанмен, әдеби тілдің дамуына кері әсерін тигізетіндігі анық. Бұл ойымыз Т.Ермекова, Н.Сүлеймен, Ұ.Әскербек, А.Нұрсейіт сияқты ғалымдардың осы мәселеге қатысты пікірлері дәлелдей түседі: «Қазіргі кезде сленг тек халықтың түрлі топтарының өкілдері, әсіресе жастардың сөйлеу тілінде ғана қолданылмайды, сонымен қатар ол көркем әдебиет, мерзімді басылымдар беттерінде, газет-журналдарда және сахна мен тіпті жарнамаларда пайдаланылады. Сондықтан да бұл тақырып қазіргі кезде мемлекеттік тілдің өзекті мәселесі болып саналады» [1, 4 б]. Аталған жаңа қолданыстар, әсіресе, жастар тілінің негізгі бөлігі екендігін ғылыми мақала жазу барысында алынған сауалнама нәтижесі көрсетті: жастардан алынған сауалнамада жүзден аса бірлік жиналды. Сондықтан

бұл мәселені зерттеп, зерделеу – күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін өзекті мәселелер қатарында. Жастар тіліне тән бұл қолданыстар – әдеби тілге жат, нормаға сай емес, жастардың қызығушылығы мен құндылығына байланысты туындап отыратын тілдің өзгермелі қабаты. Мысалы, 1990 жылдары жастар тіліндегі *зайчик* (билетсіз жүрген адам), *баунти* (махаббат), *капуста* (ақша), мысқылдау мақсатындағы *колхозник* (ауылбай), *зёма* (жерлес, дос, жақын адам) сияқты сөздер қазіргі жастар арасында қолданыста жоқ. Ол еліміздегі әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларға қатысты тілдік жүйелермен тікелей байланысты болады. Тілдің бұндай әлеуметтік қолданыстарын (жаргон, арго, сленг) зерттеу лингвистикалық сипатта және оған әсер ететін экстралингвистикалық факторлармен байланысты қарастырылады. Аталған сөздерді қолдану деңгейі, сонымен бірге олардың сапалық құрамы әлеуметтік, аймақтық және жас ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Жастар тіліндегі бұндай қолданыстардың көбеюі жаһандану үдерісімен тікелей байланысты.

### Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерді зерттеу барысында сипаттау, салыстыру, салғастыру әдістері қолданылса, жастар тіліне тән жаңа қолданыстардың мағынасын ашу және жасалу жолдарына талдаулар жасау үшін лексикографиялық, этимологиялық, тілдік талдауларға сүйенілді. Сонымен бірге топтастыру, жалпылау әдістері қолданылды. Жинақталған материалдарды бақылау, салыстыру мақсатында эмпирикалық әдіс, сұқбат, сауалнама алу барысында диагностикалық әдіс және статистикалық әдіс қолданылды.

### Нәтижелер

Еліміздегі әлеуметтік-экономика аясында болып жатқан өзгерістер тұтынушылар тілінде біраз өзгерістер әкелді. Тілдік жүйеде тұрақсыз қолданыстар пайда болды. ХХІ ғасыр әдеби тілдің дамуымен бірге тұрмыстық қарапайым тілінің де дамыған кезеңі болды, жергілікті, әлеуметтік, кәсіби жаргон сөздер тілдік қолданыстарға еніп, қарқынды дами бастады. Қазіргі тілдің дамуында екі түрлі құбылыс байқалады: әдеби тілдің жаргондануы және кірме сөздердің тілімізде белсенді қолданысы. Бұндай жағдай тек қазақ тілінде ғана емес, басқа тілдерде де байқалады. Ғалымдар арасында бұл құбылыстар жөнінде екі түрлі көзқарас кездеседі: мысалы, А.В.Бондарко [2], В.Г.Гак [3], В.Иваницкий [4], М.Н.Кожина [5] т.с.с. ғалымдар тілдегі болып жатқан бұл құбылыстарды тілдің табиғи жолмен дамуы деп таныса, Н.С.Валгина [6], М.В.Иванова [7], З.К.Тарланов [8] сияқты зерттеушілер аталған құбылыстардың жаппай белең алуына ерекше көңіл бөліп, алаңдаушылық білдіріп отыр, себебі бұндай жаңа қолданыстардың тілге жаппай енуі әдеби тілдің дамуына кері әсерін тизеді деген ойда. Ал Арустамова А.А. «Современный молодежный сленг и особенности его функционирования» атты еңбегінде былай деп көрсетеді: «...Мы придерживаемся понимания молодежного сленга или жаргона как особого словаря «открытого» по

своей природе социолекта, функционирующего на базе литературного языка и возникающего при социально-речевой общности той или иной группы носителей языка, характеризующегося специфической экспрессивно переосмысленной, «сниженной» лексической и словообразовательной семантикой, способной отражать интересы и потребности определенного сообщества...» [9, 9 б.]. Шынымен де, жаргон, сленг сиякты сөздердің жаппай тілдік қолданысқа енуі әдеби тілдік заңдылықтарға қарсы құбылыс болып табылады және тілдік мәдениеттен алшақтауға әкеп соқтыратын жағдай деп білеміз. Осы мәселеге байланысты тілдің жағдайын бейнелейтін үш түрлі әдісті атап көрсетуге болады: алдымен, тіл - мәтіндер жиынтығы, екіншіден, тіл - құрылым және тіл - қабілет, құзыреттілік. Кез келген тілдің жағдайы әр түрлі сипаттағы мәтіндерді, тілдің жүйелік құрылымын және оның сипаттамасын, сөйлеушілердің құзыреттілігін, олардың тілдік жүйені білу негізінде мәтіндер құра білу қабілетін көрсетеді. Тілші-ғалымдар жастар тіліндегі бұл құбылыстарға қатысты бірнеше терминдер қолданып жүр: *жаргон*, *арго*, соңғы кездері *сленг* термині пайда болды. Енді аталған терминдерге талдау жасап көрейік. *Жаргон* сөзіне тоқталатын болсақ, француз тіліндегі *Jargon* сөзінен шыққан, мағынасы – белгілі бір әлеуметтік топ арасында ғана қолданылатын тілдің шағын тармағы, ал *арго* сөзіне тіл білімі терминдерінің сөздігінде төмендегідей анықтама береді: «**Арго** (*франц. argot*) – адамдардың белгілі бір әлеуметтік кәсіби шағын топтарына ғана түсінікті тіл. Мәселен, ұрылар мен саудагерлердің, оқушылар мен спортшылардың, әскерлер мен дәрігерлердің т.б. жасанды тілі. ... А. кейде жаргонға синоним ретінде қолданылады» [10, 28 б.]. Ал Қ.Саркенова *арго* сөзінің қасиетін былай көрсетеді: «1.Олар ешқашан негізгі сөз бола алмайды, белгілі бір ұғымды басқа сөзбен жарыспалы түрде аңғартады. 2. ...Арготизмдер белгілі экспрессивтік-стильдік бояулы болып келеді. 3. ...Халық тіліне көбірек тарап, қарапайым сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Арготизмдердің көпшілігі арнаулы мағынада қолданылатын жалпы халыққа тән сөздер боп келеді» [11,73 б.]. Жастар тілінің бағалауыштық сипатын зерттеген М.К.Абайдельданова мен Р.Гусман Тирадоның айтуы бойынша: «Сленг понимается нами как самостоятельное языковое явление, лингвокультурологический аспект которого проявляется в стремлении молодежи специфическим образом выразить отношение к окружающей действительности, человеческим взаимоотношениям, характеру поведения. Как отмечают ученые Х. Вентворт и С. Флекснер, «сленг используется для того, чтобы избежать скучной общеизвестности стандартных слов, он как бы предлагает уйти от устоявшейся рутины каждодневной жизни» (Wentworth, Flexner, 1975). Молодое поколение, активно используя социальные сети, мессенджеры и видеохостинги, на пример Youtube или Tik-Tok, обменивается сленговыми словами, способствуя их вхождению в разговорную норму русского языка» [12,182 б.]. *Сленг* сөзі ағылшын тілінен енген, белгілі бір кәсіп, немесе әлеуметтік орта адамдарының қолданысы. Байқап отырғанымыздай, үшеуіне тән қасиет: әдеби тілге жат құбылыс, қолданыс аясы шектеулі,

үшеуі де белгілі әлеуметтік топ арасында ғана қолданылатын тұрмыстық-қарапайым деңгейдегі тілдік қолданыстар екен. Біздің ойымызша, бұлардың арасында айырмашылықтар бар: жаргон белгілі әлеуметтік топ, яғни, негізінен қылмыскерлер арасында қолданысқа ие, сондықтан бұл сөздерді тек өздері ғана түсінетін болғандықтан, құпиялылық басым болады. *Жаргон* мен *аргоның* айырмашылығы сөздікте: «Ж. аргомен (қ.) мағыналас, оның аргодан айырмасы Ж. жағымсыз (қорлау, жақтырмау) ұғымда қолданылады. Мыс.: супен (сүйкімсіз), ылай, көк мойын, ащы (арақ), телик (теледидар)» - деп көрсетіледі [11,112 б.]. Ал *сленг* жастар арасында көп тараған, бұл қолданыстарда кірме элементтер өте көп, құпиялық мүлдем жоқ, бұл сөздерде еліктеу, замануи, экспрессивті мін бар, сәнге айналу (жастар тілінде блатной болу) құбылыстары басымырақ деп ойлаймыз. Сонымен бірге *арго*, *сленг*, *жаргон* сөздер қатарында кейбір сөздер қатар қолданыста жүре береді, тек жастар тіліндегі қолданыстағы (сленг) сөздердің мағыналарында қылмыстық мазмұн болмайды. Қорытындылай келе, аталған қолданыстардың айырмашылықтарымен бірге төмендегідей ортақ қасиеттерін анықтауға болады:

1. Белгілі бір әлеуметтік топ арасында ғана қолданылатындықтан, қолдану аясы шектеулі;

2. Оларды тек өз орталары ғана жақсы түсінеді;

3. Әдеби тілге жатпайтын сөздер тобы, сондықтан әдеби тілде олардың баламасын білдіретін ұғымдар бар.

4. Тілдің даму барысында сөздік қордың сленгтік қабатында да өзгерістер болатыны анықталды. Әр кезеңде аталған тілдік қабаттар жаңарып отырады. Мысалы, бір кездері 1990-жылдары *хиповать* сөзі «важничая, выставлять себя напоказ, пытаться выделиться на общем фоне» [13,112 б.] мағынасында белсенді арготизмге жатса, қазіргі жастарға бұл сөз түсініксіз, қолданыста жоқ. Сол сияқты қазіргі кездегі жастар тіліндегі «керемет, рақаттану, ляззат алу» мағынасын білдіретін *ауф* сөзіне 1990-жылдары қолданыста болған *кайф* сөзі мағыналас. 5. Ауызекі сөйлеу тіліне ғана тән сөздер.


Барлық зерттеулерде сленг екі түрлі лингвистикалық және әлеуметтік аспектіде зерттеледі. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, жастар тілі (сленгі) зерттелетін тілдің ішкі нормадан тыс сөздеріне қатысты басқа қабаттарының тілдік құралдарымен байланысы тұрғысынан талданады. Сленгтердің ішкі жүйесінің ерекшеліктері екі түрлі болуы мүмкін: бір жағынан, бұл тілдік ішкі жүйе кейбір бірліктерге қатысты артықшылығы болуы мүмкін, екінші жағынан, қолданылатын тілдік бірліктер басқа ішкі жүйелерде кездеспейді.

Бірінші топтағы бірліктерді интегралды бірліктер деп анықтауға болады, себебі олар зерттелетін әлеуметтік нұсқаны тілдегі басқа кодталмаған ішкі жүйелермен біріктіреді, ал екінші типтегі бірліктерді дифференциалды деп анықтауға болады, өйткені олар бір тілдегі әлеуметтік әртүрлілікті басқа тілден шектейтін қызметті орындайды.

Әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне байланысты тілдің әлеуметтік түрлері де өзгереді. Әлеуметтік топтағы қолданыстарды зерттеу белгілі бір қиындықтармен байланысты: олардың қолданылу аясы нақты болмайды, динамикалық табиғаты, ерекшеліктері ұқсас болады. Экстралингвистикалық факторлар, әсіресе жас ұрпақтың сөйлеу дағдысына айтарлықтай әсер етеді. Жастар тілі құбылмалы, тез өзгерістерге түседі, толықтай жаңарып отырады, бірақ оның стилистикалық ерекшелігі өзгермейді, ол сол тілде сөйлеушілер үшін сленг боп қабылданады, оның сыртқы қабаты, түрі бұрынғы қалпында сақталады, ал ішкі мазмұны қоғамдық жағдайлар мен әлеуметтік үдерістерге байланысты өзгеріп отырады. Тілдің бұл қабатының өзгеруіне ғаламтор, фильмдер (мысалы, кеше ғана көрсетілген «Слово пацана» фильмінен кейін «ешкім араласпайтын адамды» «чушпан» сөзімен атау қалыптасқан), жарнама тілі (*He тормози, сникерсни*), әлеуметтік желідегі (Instagram, TikTok) бейнероликтегі кейбір сөздер (*Нурс, Батырханчик*). Бұл, біріншіден, қарым-қатынас ішкі жүйелерінің әралуан және жеткілікті екендігімен байланысты, екіншіден, қарастырылып отырған тілдік нұсқалардың өте мобильді (бейімделгіш) болуымен түсіндіріледі және олар ауызша жүзеге асады. Тіл кеңістігінде, жас және әлеуметтік топ ерекшеліктеріне байланысты сленгтер бірқалыпты болмайды. Оны зерттеу нысаны ретінде тілдің ішкі қабатының бір тармағы ретінде шартты түрде ғана қарастыруға болады.

Қазіргі қазақ тілінің тілдік қабаттарының ішінде жастар тілі әлеуметтік маңыздылығымен ерекшеленеді, бірақ ғылыми әдеби тілде оның орны анықталмаған. Қазақ тілінің тілдік қабаттарын төмендегідей кесте бойынша көрсетуге болады:

Кесте 1. Қазіргі қазақ тілінің тілдік қабаттары





Қарап отырсақ, жаргон, арго, сленг сөздері тілдік қабаттарының қатарына қосылып отыр, бірақ негізі әдеби тілден басталады. Сонымен бірге сленгтер жалпы халыққа түсініксіз, осы жағынан алғанда жаңашыл сипатта болуына байланысты оларды неологизмдердің бір түрі деп те қарауға болатын сияқты. Мысалы, ғалым Б.Қарагулова неологизмдерді анықтаудың өлшемдеріне төмендегідей белгілерін көрсетеді:

- 1) уақыт өлшеміне сай нақтылау (қашан?);
- 2) тілдік кеңістік өлшеміне сай нақтылау (қашан?);
- 3) жаңашылдық бойынша бағаланып отырған тілдік бірліктердің нақтылануы (несімен жаңа?);
- 4) құрылымындағы жаңа белгінің нақтылануы (қалай жаңа?) [14, 6 б.].

Байқап отырғанымыздай, жоғарыда көрсетілген төрт белгі арқылы сленг сөздерді анықтауға болады деп ойлаймыз. Уақыт өлшемін сленгтердің кезеңдерге байланысты пайда болып отыратын қасиетімен байланыстыруға, тілдік кеңістік өлшемін қай уақытта немен байланысты пайда болғанын анықтауға қатысты, жаңашылдық сипатын белгілі бір әлеуметтік топтың арасында ғана түсініктілігімен байланыстыра отырып зерттеуге болады. Алайда бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді, сондықтан бұл алдағы міндеттердің бірі.

### Талқылау

Мақаланы жазу барысында қазіргі жастар тілінде жиі қолданылатын жаргондар мен сленгтерді анықтау, талдау үшін Google форма арқылы сауалнама алынды. Сауалнама Ақтөбе қаласы бойынша 15-75 жас аралығын қамтитын респонденттерге таратылды. Жауап берушілер 15-55 жас аралығын қамтыды. Қатысқандар саны -160. Олардың әлеуметтік статусы: магистрант - 0,7%, мұғалім – 4,7%, оқушылар – 27,5 %, студент – 67,1%. Сауалнамаға қатысқан өзге ұлт өкілдерінің үлесі - 2%.

Сауалнама жауаптарын талдай келе, жаргондарды өзге тілдің ықпалынан пайда болған сленгтер, төл сленгтер, гибридті сленгтер деп үшке бөліп қарастырдық. Сауалнаманың нәтижесінде орыс, ағылшын тілінің ықпалымен қалыптасқан төмендегідей сленгтер берілген. Сауалнама қорытындысы негізінде сленгтердің қайталану жиілігі де көрсетілді.

**Орыс және ағылшын тілінің ықпалымен пайда болған сленгтер:** Сауалнама қорытындысы бойынша *краш* сленгі 27 рет кездесті – ағылшын тілінің *crush* сөзінен шыққан әдемілікке қатысты бірлік (*осыдан әрі қарай әр сленгтен кейін берілген сан сол сленгтің қайталану жиілігін көрсетеді*); *крашиха* – 3 – ағылшынның *crush* деген сөзінен шыққан, біреуді сыртынан ұнату, жауапсыз жақсы көру; *кринж* – 24 – адамның өзінің және өзгенің ісіне қатысты қолайсыз сезінгендегі күйі; *кринжовый* – 2 – қолайсыздықты тудыратын адам; *жиза* – 11 – өмірлік орыс тіліндегі «жизнь» сөзінен шыққан; *изи* – 10 – ағылшын тіліндегі «easy» деген сөзді оқылуы бойынша

қолданудан туындаған, аудармасы «оңай» дегенді білдіреді; *трэши* – 9 – жақтырмау; *бумеры* – 4 – үлкендер; *зумеры* – 4 – молодежь, жастар; *рофл* – 6, *рофлдау* – 1 – шутка; *го* – 2 – «гоу» – 8 – ағылшынның «go» деген сөзі, «кеттік» деген мағынада қолданылады; *чекать* – 2 – жастар арасында тексеру мағынасында қолданылады, дегенмен бұл сөздің шығу төркіні ағылшын тілінің «check» сөзі; *ауф* – 2 – керемет; *буллинг* – 2 – *bullying* сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қорқыту», «кемсіту», «мұқату» дегенді білдіреді. **Агрессия немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені қорлауы, үстем екенін көрсетуі;** *хейт*, *хейтить* – 2 – біреуді ашықтан-ашық ұнатпау, оның қаншалық жаман, нашар екенін ауызша немесе жазбаша хабарлау; *форсить* – «мақтану», «өзін көрсету»; *криповый* – 2 – қорқынышты, үрейлі; *пруф* – 4 – дәлел, айғақ; *токсик* – 2 – үнемі наразылық білдіріп, өзге адамдардың көңіл-күйін түсіретін адам, осының негізінде орыс тілінде «токсичное отношение» деген тіркес қолданыста бар; *тема* – 2 – тақырыпқа сәйкес, орынды дегенді білдіреді; *рили* – 2 – ағылшын тіліндегі «really» деген сөзінен шыққан шындық; *бро* – 2 – бауыр; *ботан* – 2 – оқымысты; *лузер* – 2 – *loser* ағылшын тілінен енген «жолы болмаған адам»; *сушняк* – 2 – сусын; *найс* ағылшын тіліндегі *nice* – 2 – күшті, керемет; *агриться* – 2 – ашулану; *потолок* – 2 – шегіне жету; *без обид* – 1 – кез келген мәселенің ренішсіз шешу, виб казашка, виб казах – 2 – заманауи қазақтар.

**Қазақ тіліндегі сленгтер қатарында төмендегідей көрсетілген:** *құлаққа лапша ілу* – 10, *лапша ілу* – 3 – өтірік айту; *шатырды тайдыру* – 4 – басты қатыру; *өтті*, *өтіп кетті* – 1 – орынды; *өтпей қалды* – 1 – орынсыз, *басты кетіру* – 5– 1) мазасын алу, 2) ғашық болу; *қума* – 3, *құғынбай* – 3 – жөнсіздік; *ауру* – 3 – ақылы кем; *қоян суретін салып кету* – 1 – алдау; *қапустаға қарау* – 1 – материалдық жағдайымен санасу; *қадап тастау* – 3 – дұрыс шешім жасау; *картопты жару* – 5 – мазақ болу, *ұйықтатып кету* – 4 – алдау, *құлақтан тебу* – 2 – алдау, *ха-ха ұстау* – 2 – мазақ ету, *лақтырып кету* – 2 – алдау, *жыртып тастау* – 1, *айырды* – 2 – быт-шыт қылу, *қаз қуу* – 1 – босқа уақыт өткізу, *базар жоқ* – 2 – сөзсіз келісу; *балта* – 1 – «ұятқа қалу, сынып қалу» – 1 – ұнатып қалу, *шаю* – 1 – уәдеде тұрмау, *қудырту* – 1 – мазақ ету.


**Гибридті (аралас) сленгтер:** *крышаны тайдыру* – 1 – басты қатыру, *крыша* – мәселелерін шешіп, біреуден қорғап, қамқорлығына алатын адам, дәл осындай қолданыс орыс тілінде сленг ретінде кездеседі: «Крыша I – 1.вар. КРЫШ ‘АК, КРЫШ ‘АН. шутл. Голова, сознание. Сорвало (снесло) крышу, крыша подтекает – сойти с ума, вести себя подобно сумасшедшему. 2. Головной убор (шапка, кепка и т.п.) Крыша II – 1. Охрана, защита от кого-л., чего-л. (иногда от мафии, рэкета). 2. Студ.юр. адвокат. [13,70-71.]. Алайда сөздікте көрсетілген екінші мағына, яғни бас киім мағынасы қазақ тілінде жоқ. *Шарить ету* – түйсігі бар, *косякка кіру* – 4 – жағымсыз жағдайға ұрыну, *тормозы ұстау* – 3 – ақпараттарды дер кезінде қабылдамау, *прикол өтті* – 1 – лайықты қалжың, *талпаға салу* – 1 – көпшілікпен талқыға




салу, *приколға тығу* – 1 – әжуалау, *задний беру* – 1 – шегіну, *абу бандит* – 2 – мықтылықты жасанды көрсететін, әлсіздерді бопсалаумен айналысатын жігіттер, *виб қазақ* – 1 – заманауи қазақ.

Сонымен қатар талдауда қолданушылар тарапынан берілген бірліктерде төл сөздердің дыбыстық өзгеріске түсу арқылы сленгке айналған қолданыстар да кездесті: заманаули – заманауи, достарлар – достар, күлкілі – күлкінішті т.б. Бұл тілдің заңдылығына қарсы болғанымен де, сленгтің анықтамасына сәйкес шектеулі ортада қолданыста дағдыға айналған бірліктер.

Сауалнаманың «Жаргон, сленгтердің пайда болуына қандай тіл көбірек әсер етеді?» деген сұрағына респонденттердің жауабы төмендегідей болды:



Сурет 1 - Жаргон, сленгтердің қалыптасуына орыс, ағылшын тілінің ықпалы



Сурет 2 - Жаргон мен сленгті қолдану мақсаты

«Жаргон мен сленгтерді қандай мақсатта қолданасыз?» деген сұрақты талдау барысында жауап берушілердің 23%-ы қолданбаса, ал 9%-ы қолданбауға тырысатындығын көрсетті. Қалған басым 68%-ы әртүрлі мақсаттармен қолданатыны анықталды. Осы сауалнаманың нәтижесінен сленг сөздерінің жастар арасында белсенді қолданыста екендігін байқауға болады.

Сонымен бірге респонденттердің жауаптарының негізінде қазіргі жастар арасындағы қолданыста жүрген сленгтердің төмендегідей тілдік топтары анықталды: **Синонимдес сленгтер:** бумеры, олд (үлкен адамдар); шатырды кетіру, шатырды тайдыру, миды шіріту, миды ағызу, қуып кету (мазалау); құдырту, прикол ұстау (мазақ ету); өтті-өтті, “ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы No. 1 (76) 2025

«тема» (тақырыпқа сай). *Емаа, ваау* (таң қалу), *ұйықтатып кету, құлақтан тебу, құлаққа лапша ілу, лапша ілу* (өтірік айту). **Антонимдік сленгтер:** бумеры - зумеры. **Омонимдік қолданыстар:** *басты кетіру:* 1) *ғашық болу*, 2) *мазасын алу*; *сынып қалу:* 1) *ғашық болу*, 2) *сағы сыну* (жеңіліс табу).

### Қорытынды

Зерттеу барысында теориялық және сауалнама материалдарының негізінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

1) жаргон мен сленгтердің ұқсастығы мен айырмашылықтары ғылыми тұрғыда нақтыланды. Теориялық материалдарға сүйеніп талдау жасау негізінде қазіргі кезде жастар арасында қолданыста жаргондарға қарағанда сленгтердің қолданысы басым екендігі анықталды;

2) сленгтердің пайда болуына негізгі екі тілдің ықпалы жоғары. Орыс және ағылшын тілінің ықпалымен пайда болған сленгтер, қазақ тіліндегі сленгтер, гибриді (аралас) сленгтер;

3) респонденттердің жауаптарында кірме сленгтерден басқа төл сленгтер мен гибриді (аралас) сленгтер де көрініс тапты.

4) тілдің әлеуметтік-мәдени дамуына қарай сленгтік қабаттардың да өзгермелі болатындығы анықталды;

5) сленгтердің синонимдік, омонимдік және антонимдік қатарлары ажыратылды;

6) сауалнама қорытындысы бойынша бұл бірліктер жастар тілінде белсенді қолданыста екендігі анықталды, оның уәжі ретінде респонденттер жауаптарының пайыздық көрсеткіші негізге алынды (Сурет 2).

Аталған мәселе қазіргі қазақ тілінің қолданбалылық сипатын бағдарлауға мүмкіндік береді. Сленг мәселесі қазақ тіл білімінде әлі де болса кешенді зерттеуді қажет етеді. Зерттеулер негізінде қазақ тілі сленгтерінің түсіндірме сөздігін шығару өзекті мәселелердің бірі.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Ермекова Т., Сүлеймен Н., Әскербек Қ., Нұрсейіт А.. Сленгтердің комиксті сөздігі. Сөздік. – Алматы, 2022 – 62 б.

[2] Бондарко А.В. О стратификации семантики. Общее языкознание и теория грамматики: Материалы чтений, посвященных 90-летию со дня рождения Соломона Давидовича Кацнельсона. – Санкт-Петербург: «Наука», 1998. - С. 51-63.

[3] Гак В.Г. Языковые преобразования / В.Г. Гак. М.: Языки русской культуры, 1998.-С. 137-138.

[4] Иваницкий В. Порча языка и невроз пуризма. Знание-сила. 1998.№ 9-10 - С.82-91.

[5] Кожина М.Н. Стилистика русского языка: учебник / Кожина М.Н., Л.Р.Дускаева, В.А.Салимовский. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 464 с.

[6] Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке: учеб. пособие для студентов вузов / Н.С. Валгина. – М.: Логос, 2001. – 304 с.

[7] Иванова М.В. Активные процессы в современном русском языке / М.В. Иванова, Н.С. Валгина. М.: Лань, 2001. - 324 с.

[8] Тарланов З. Слово о русском языке / З. Тарланов // Север. – Петрозаводск. – 1996. – № Ю. – С. 105-111.

[9] Арустамова А.А. Современный молодежный сленг и особенности его функционирования: автореф. дис. канд. филолог. наук - Майкоп, 2006. – 28 с.

[10] Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы, «Фирма» «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.

[11] Саркенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, Эверо, 2014. – 168 б.

[12] Abaideldanova M.K., Guzmán Tirado R. Russian Language on the Internet: Analysis of Youth Slang with an Estimated Value // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. – 2024. – 17(1). – P. 177–189

[13] Захарова Л.А., Шуваева А.В. Словарь молодежного сленга (на материале лексикона студентов Томского государственного университета). Учебно-методическое пособие. – Издательский Дом ТГУ, 2014. – 126 с.

[14] Карагулова Б.С. Неология саласының негіздері. Оқу құралы. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2020. – 136 б.

## REFERENCES

[1] Ermekova T., Süleimen N., Äskerbek Q., Nürseit A.. Slengterdiñ komiksti sözdıgı. Sözdık. – Almaty, 2022. – 62 b.

[2] Bondarko A.V. O stratifikasii semantiki. Obşee iazykoznanie i teoria gramatiki: Materialy chteni, posvâşennyh 90-letiu so dnâ rojdenia Solomona Davidovicha Kasnelsona. – Sankt-Peterburg: «Nauka», 1998. – S. 51-63.

[3] Gak V.G. İazykovye preobrazovania / V.G. Gak. – M.: İazyki ruskoı kültury, 1998. – S. 137-138.

[4] İvaniski V. Porcha iazyka i nevroz purizma // Znanie-sila. – 1998. – № 9-10. – S.82-91.

[5] Kojina M.N. Stilistika ruskogo iazyka: uchebnik / Kojina M.N., L.R.Duskaeva, V.A.Salimovski. – M.: Flinta: Nauka, 2008. – 464 s.

[6] Valgina N.S. Aktivnye prosesy v sovremennom ruskom iazyke: ucheb. posobie dlâ studentov vuzov / N.S. Valgina. – M.: Logos, 2001. – 304 s.

[7] İvanova M.V. Aktivnye prosesy v sovremennom ruskom iazyke / M.V. İvanova, N.S.Valgina. – M.: Län, 2001. – 324 s.

[8] Tarlanov Z. Slovo o ruskom iazyke / Z. Tarlanov // Sever. – Petrozavodsk. – 1996. – № İu.-S. 105-111.

[9] Arustamova A.A. Sovremennyi molodejnyi sleng i osobenosti ego funkcionirovania: avtoref. dis. kand. filolog. Nauk. – Maikop, 2006. – 28 s.

[10] Qaliev Ğ. Tıl bilimı terminderiniñ sözdıgı. – Almaty, «Firma» «Ornak» JŞS, 2012.– 388b.

[11] Sarekenova Q.Q. Qazırǵı qazaq tılıniń leksikologiasy. – Almaty, Evero, 2014. – 168 b.

[12] Abaideldanova M.K., Guzmán Tirado R. Russian Language on the Internet: Analysis of Youth Slang with an Estimated Value // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. – 2024. – 17(1). – P. 177–189

[13] Zaharova L.A., Şuvaeva A.V. Slovár molodejnogo slenga (na materiale leksikona studentov Tomskogo gosudarstvennogo universiteta). Uchebno-metodicheskoe posobie. – İzdatelski Dom TGU, 2014. – 126 s.

[14] Karaguloва B.S. Neologia salasynyń negizderi. Oqu qūraly. – Aqtōbe, Q.Jūbanov atyndaǵy AÖU, 2020 – 136 b.

## **МОЛОДЕЖНЫЙ ЯЗЫК В СИСТЕМЕ СОЦИАЛЬНОЙ СТРАТИФИКАЦИИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА (СЛЕНГ)**

\*Карагулова Б.С.<sup>1</sup>, Абдирова Ш.Г.<sup>2</sup>, Бекниязова Д.Д.<sup>3</sup>

<sup>\*1, 2, 3</sup>Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова  
Актобе, Казахстан

**Аннотация.** Словарный запас современного казахского языка плодотворно пополняется словами, относящимися к молодежному языку, в частности, такими единицами, как жаргон, арго, сленг. Это, безусловно, тесно связано с периодами социально-исторического развития нашего языка. Когда развитие языка проходит через какие-либо исторические этапы, оно сначала отражается в самом языке и меняется в зависимости от них, слово с одним и тем же значением используется на каждом этапе в разных формах.

В связи с этим, целью статьи является описание языковых слоев, которые не соответствуют нормам современного литературного языка, а имеют применение только в языке определенных социальных групп. Научная значимость статьи заключается в всестороннем анализе происхождения жаргона, арго, сленга в языке, в анализе факторов, влияющих на него, в определении их влияния на язык. При написании научной статьи использовались следующие методы: описание, сравнение, сопоставление, лексикографические, этимологические, эмпирические, диагностические, статистические методы.

Актуальность статьи заключается в выявлении лексических единиц данного направления в молодежном языке с помощью анкетирования, в изучении их использования, путей возникновения, причин, смысловых особенностей, в попытках сделать определенные выводы, в изучении казахского языка в прикладном характере.

Ценность статьи можно связать со следующими утверждениями : 1) различие особенностей между языковыми слоями; 2) выявление сленгов

в молодежном языке; 3) дифференциация факторов, способствующих их формированию; 4) анализ их влияния на развитие языка.

Практическая значимость статьи заключается в том, что она оказывает большую помощь обучающимся лингвистического направления как теоретический и практический материал при изучении дисциплин «Лексикология современного казахского языка», «Неология», а также в качестве дополнительной научной информации будет очень полезной магистрантам и докторантам, изучающим данное направление, и молодежи, занимающейся научной работой.

**Ключевые слова:** языковые слои, жаргон, арго, сленг, экстралингвистические факторы, разговорный язык, социальная группа, просторечно - бытовая лексика

### SLANG IN THE SYSTEM OF SOCIAL STRATIFICATION OF THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

\* Karagulova B.S.<sup>1</sup>, Abdirova Sh. G.<sup>2</sup>, Beknyazova D.D.<sup>3</sup>

\*<sup>1, 2, 3</sup>К.Жубанов Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

**Abstract.** The vocabulary of the modern Kazakh language is intensively replenished with words related to youth language, in particular, jargon, parlance, slang units. This, of course, is closely related to the stages of socio-historical development of our language. If the development of a language goes through any historical periods, it is first of all reflected in the language itself and changes depending on the periods; a word with the same meaning may sound different in each period. The purpose of the article related to these issues is to report on linguistic layers that do not meet the norms of literary language and are used only in the language of certain social groups in the current period of globalization. The scientific significance of the article is a comprehensive analysis of the appearance of jargon, parlance, and slang in the language, the factors affecting it, and determining the impact on the language. During the writing of the scientific article, the following methods were used: description, comparison, contrast, lexicographic, etymological, empirical, diagnostic, statistical. The relevance of the article is to determine the lexical units of this direction in the youth language by conducting a survey, to study the ways of their use, appearance, reasons, semantic features, to try to make certain conclusions, to study the Kazakh language in an applied nature. Based on this, the results are discussed and specific conclusions are given. The value of the article can be attributed to the following conclusions: 1) distinguishing between language layers; 2) identification of slangs in youth language; 3) differentiation of factors contributing to their formation; 4) analysis of their impact on language development. The practical significance of the article is related to the acquisition of practical and theoretical materials for future scientific work by Master's and Doctoral students and young people engaged in science. In addition, it can be used during practical lessons on the Lexicology of



the Modern Kazakh language and Neology for students in the field of Philology.

**Keywords:** language layers, jargons, parlance, slang, extra linguistic factors, colloquial language, social group, everyday vocabulary

*Мақала түсті: 07 наурыз 2024*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Карагулова Балгенже Сагидуллаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ақтөбе, Қазақстан e-mail: bkaragulova@mail.ru <http://orcid.org/0000-0002-0058-9738>

Абдирова Шолпан Гайдаровна – PhD, аға оқытушы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ақтөбе, Қазақстан e-mail: abdirova\_83@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-2786-3362>

Бекниязова Динара Достановна – магистр, аға оқытушы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: margulan0112@mail.ru <http://orcid.org/0009-0008-7992-4850>

***Информация об авторах:***

Карагулова Балгенже Сагидуллаевна – кандидат филологических наук, доцент Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова Актобе, Казахстан e-mail: bkaragulova@mail.ru <http://orcid.org/0000-0002-0058-9738>

Абдирова Шолпан Гайдаровна – PhD, старший преподаватель Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова Актобе, Казахстан e-mail: abdirova\_83@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-2786-3362>

Бекниязова Динара Достановна – магистр, старший преподаватель Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова Актобе, Казахстан e-mail: margulan0112@mail.ru <http://orcid.org/0009-0008-7992-4850>

***Information about the authors:***

Karagulova Balgenzhe – Candidate of Philological Sciences, Docent (Associate Professor) K.Zhubanov Aktobe regional university Aktobe Kazakhstan e-mail: bkaragulova@mail.ru <http://orcid.org/0000-0002-0058-9738>

Abdirova Sholpan – PhD, senior teacher K.Zhubanov Aktobe regional university Aktobe Kazakhstan e-mail: abdirova\_83@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-2786-3362>

Beknyazova Dinara – Master, senior teacher K.Zhubanov Aktobe regional university Aktobe Kazakhstan e-mail: margulan0112@mail.ru <http://orcid.org/0009-0008-7992-4850>